

«Бекітілді»

«Маңғыстау облыстық төрі

венерологиялық диспансері»

ШЖҚ МҚҚ директоры

С. Аскаров



**Маңғыстау облыстық төрі венерологиялық  
диспансері» ШЖҚ МҚҚ мүдделер қақтығысын  
реттеу жөніндегі ережесі**

Ақтау – 2024ж.

## **Маңғыстау облыстық төрі -венерологиялық диспансері " ШЖҚ МҚК мұдделер қақтығысын реттеу жөніндегі ережесі.**

**Маңғыстау облыстық төрі венерологиялық диспансері " ШЖҚ МҚК** (бұдан әрі – диспансер) мұдделер қақтығысы туралы ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-В ҚРЗ "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңына, Техникалық реттеу және метрология комитеті тәрағасының 2017 жылғы 16 қарашадағы № 318-нұ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі" ұлттық стандартына сәйкес әзірленді.

1.2. Осы Ереженің күші диспансер барлық қызметкерлеріне, олардың атқаратынлауазымы мен атқаратын қызметтерінің деңгейіне қарамастан қолданылады.

1.3. Осы Ережеде келтірілген талаптар ең қажетті бастапқылары болып табылады және олар накты бір жағдайда толық және/немесе шектеулі талаптар ретінде қарастырылмауы тиіс.

### **2. Жалпы ережелер**

2.1. Осы Ереже Диспансердің ішкі актісі болып табылады. Осы Ереженің негізгі мақсаты Кәсіпорын қызметкерлерінің еңбек міндеттерін орындау барысында туындаитын мұдделер қақтығысын анықтау және реттеу тәртібін белгілеу болып табылады; негізгі міндеті – жұмыскерлердің жеке басы мұдделерінің, жеке мұдделілігінің олардың орындаитын еңбек функцияларына, кабылдайтын іскерлік шешімдеріне ықпалын шектеу.

Мұдделер қақтығысы қызметкердің жеке мұдделері олардың өз еңбек міндеттерін орындауда және (немесе) тиісінше орындауда экелуі мүмкін және (немесе) осындай жеке мұдделілік пен аурухананың заңды мұдделері арасында қайшылықтың туындауда экелетін немесе экелуі мүмкін қызметкердің жеке мұдделері арасындағы қайшылық немесе аурухананың заңды мұдделеріне және (немесе) іскерлік беделіне зиян келтіруі ықтимал қайшылықтың туындау қаупі деп түсініміз (мұдделер қақтығысының өмірде кездесетін жағдайларының үлгі ретінде шолуы осы Ереженің 1-косымшасында келтірілді).

2.3. Жеке мұдделілік дегеніміз - аурухананың құқықтары мен заңды мұдделерін қамтамасыз етуге әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін материалдық немесе басқа қызығушылық.

2.4. Осы Ереженің күші аурухананың барлық қызметкерлеріне, олардың атқаратынлауазымы мен атқаратын қызметтерінің деңгейіне қарамастан қолданылады.

### **3. Мұдделер қақтығысын басқарудың негізгі қағидаттары.**

3.1. Кәсіпорындағы мұдделер қақтығысын басқару жөніндегі жұмыстың негізіне келесі қағидаттар алынған:

- туындаған немесе ықтимал мұдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашуудың міндеттілігі;
- әрбір мұдделер қақтығысы анықталған сайын аурухана беделіне нұқсан келтіретін тәуекелдерін жеке қарап, баға беру және реттеу;
- мұдделер қақтығысы және оны реттеу процесі туралы мәліметтерді ашу процесінің және оны реттеу процесінің құпиялышы;

– мұдделер қақтығысын реттеу кезінде Диспансермен қызметкер мұдделерінің тенгерімін сақтау;

– қызметкер уақтылы ашқан және Диспансер реттеген (алдын алған) мұдделер қақтығысы туралы хабарлауына байланысты қызметкерді қудалаудан корғау.

#### **4. Қызметкерлердің міндеттері**

4.1. Осы Ережеде мұдделер қақтығысын ашуға және реттеуге байланысты қызметкерлердің келесі міндеттері бекітілген:

– іскерлік мәселелер бойынша шешімдер қабылдау және өзінің еңбек міндеттерін орындау кезінде - өзінің жеке мұдделерін, өз туыстарының және өзімен тікелей мұдделік байланыстағы өзге де адамдардың мұдделерін ескермей, ұйымның мұдделерін басшылыққа алу;

– мұдделер қақтығысына әкелуі мүмкін жағдайлар мен мән-жағдайлардан (мүмкіндігінше) аулақ болу;

– туындаған немесе ықтимал мұдделер қақтығысын ашу;

– туындаған мұдделер қақтығысын реттеуге жәрдемдесу.

Осы Ережеде туыстарға қызметкердің жұбайы (зайыбы), ата-аналары (ата-анасы), балалары, асырап алушылары, асырап алған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлі, қарындастары, аталары, әжелері, немерелері жатқызылады.

4.2 Жұмысқа орналасу кезінде қызметкерлер "Мұдделер қақтығысы туралы міндеттемені" қабылдайды (2-қосымша).

#### **5. Мұдделер қақтығысын реттеу тәсілдері.**

5.1. Кәсіпорында мұдделер қақтығысын ашудың келесі түрлері белгіленген:

– жұмысқа қабылдау кезінде мұдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу;

– жаңа лауазымға ауысу кезінде мұдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу;

– мұдделер қақтығысы ахуалының туындау шамасына қарай мәліметтерді біржолғы ашу;

– мұдделер қақтығысы туралы декларацияны толтыру барысында мұдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу.

5.2. Кәсіпорынға ұсынылған ақпаратты қарау және мұдделер қақтығысын реттеу құпия болып табылады. диспансер үшін туындастын тәуекелдердің ауырлығын бағалау және мұдделер қақтығысын шешудің ең қолайлы түрін таңдау мақсатында осыған уәкілетті лауазымды адам келіп түсken ақпаратты мұқият тексереді.

5.3. Кәсіпорын жұмыскер ұсынған мәліметтердегі жағдай мұдделер қақтығысы болып табылмайды және сондықтан реттеудің арнайы тәсілдері қажет емес деген қорытындыға келуі мүмкін.

5.4. Кәсіпорын сонымен бірге мұдделер қақтығысы орын алды деген қорытындыға келіп, оны шешудің әртүрлі тәсілдерін қолдана алады, соның ішінде:

– қызметкердің жеке мұдделеріне әсер етуі мүмкін нақты ақпаратқа қол жеткізуі шектеу;

- қызметкердің мұдделер қақтығысы әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін мәселелер бойынша шешімдерді талқылауға және қабылдау процесіне қатысудан өз еркімен бас тартуы немесе оны шеттету (тұрақты немесе уақытша);
- қызметкердің лауазымдық міндеттерін қайта қарau және өзгерту;
- егер қызметкердің жеке мұдделері оның лауазымдық міндеттеріне қайшы келсе, оны лауазымынан уақытша шеттету;
- қызметкерді мұдделер қақтығысына байланысты емес лауазымдық міндеттерді орындауын көздейтін лауазымға ауыстыру;
- қызметкердің мұдделер қақтығысы туындауының негізі болып табылатын өзіне тиесілі мүлікті сенімгерлік басқаруға беруі;
- қызметкердің ұйым мұдделеріне қайшылық туғызатын өзінің жеке мұддесінен бас тартуы; – жұмыскердің бастамасы бойынша қызметкердің жұмыстан шығуы;
- тәртіптік теріс қылышқа жасағаны үшін, яғни қызметкердің өз кінәсінен өзіне жүктелген еңбек міндеттерін орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін қызметкерді жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыстан шығару.

Мұдделер қақтығысын шешу тәсілдерінің келтірілген тізбесі толық болып табылмайды. Әрбір нақты жағдайда оны реттеудің өзге де тәсілдері пайдаланылуы мүмкін. Мұдделер қақтығысын шешудің нақты тәсілін таңдау туралы шешім қабылдаған кезде нақты мұдделер қақтығысының жағдайлары ескеріледі және жеке қызығушылықты немесе оның жұмыскердің еңбек міндеттерін тиісінше, объективті және қалтқысыз орындауына әсерін болдырмауды қамтамасыз етеді.

**5.5. Мұдделер қақтығысын шешкен кезде, барлық мән-жайларды ескере отырып, мүмкін болатын ең "жұмсақ" реттеу шарасын таңдау керек. Негұрлым қатаң шараларды нақты жақеттілік туындаған кездеғана немесе "жұмсақ" шаралар жеткіліксіз болған жағдайдағана қолдану керек.**

**6. Мұдделер қақтығысының туындауы (болуы) туралы мәліметтерді қабылдауға және осы мәліметтерді қарauға жауапты тұлғалар**

**6.1. Мұдделер қақтығысына әкелетін немесе әкелуі мүмкін лауазымдық міндеттерді орындау кезінде жеке мұдделіліктің туындауы туралы мәліметтерді, оның ішінде туындаған (болған) мұдделер қақтығысы туралы хабарламаларды, өтініштер мен арыздарды (бұдан әрі – хабарлама) қабылдауға жауапты тұлға диспансер комплаенс офицері болып табылады.**

**6.2. Мұдделі тұлғалар Диспансер комплаенс офицеріне мұдделер қақтығысына әкелетін немесе әкелуі мүмкін кез-келген жеке қызығушылық туралы дереу хабарлауы керек және ұсынбалар алғанға дейін объективті және адал шешім қабылдауға кедергі келтіретін кез-келген карым-қатынастар немесе әрекеттерден аулақ болулары тиіс.**

Диспансер комплаенс офицері алған ақпаратты диспансер персоналын іріктеу жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) қарauына дереу ұсынады. Комиссиялардың құрамы Комиссия қабылдайтын шешімдерге әсер етуі мүмкін мұдделер қақтығысының туындау мүмкіндігін болдырмайтындағы етіп қалыптастырылады және диспансер директорының бүйрығымен бекітіледі. Комиссия отырысының күн тәртібіне енгізілген мәселені қарau кезінде мұдделер қақтығысына әкелуі мүмкін Комиссия мүшесінің тікелей немесе жанама

жеке мұдделілігі туындаған кезде ол отырыс басталғанға дейін бұл туралы мәлімдеуге міндettі. Мұндай жағдайда Комиссияның тиісті мүшесі көрсетілген мәселені қаруға қатыспайды. Комиссиялардың отырысы, әдетте, мұдделер қақтығысын реттеу туралы талаптарды сақтау туралы мәселесі қаралатын қызметкердің катысуымен өткізіледі. Қызметкер Комиссия отырысына өзі тікелей қатысуға ниетті екенін хабарламада көрсетеді. Комиссия отырысы қызметкер болмаса да, келесі жағдайларда өткізуі мүмкін:

- а) егер хабарламада қызметкердің Комиссия отырысына өзі тікелей қатысу ниеті туралы нұсқаулар болмаса;
- б) егер Комиссия отырысына өзі тікелей қатысуға ниет білдірген және оны өткізу уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған қызметкер Комиссия отырысына келмеген болса. Комиссия отырысында қызметкердің түсініктемелері тыңдалады, осы отырыска шығарылған мәселелердің мәні бойынша материалдар, сондай-ақ қосымша материалдар қаралады.

6.9. Туындаған (орын алған) мұдделер қақтығысы туралы ақпаратты тексеруді Комиссия бір ай мерзімде жүзеге асырады. Комиссия төрағасының шешімі бойынша тексеру мерзімі екі айға дейін ұзартылуы мүмкін. Комиссия мүшелері және оның отырысына қатысқан адамдар Комиссия жұмысы барысында өздеріне белгілі болған мәліметтерді жария етуге құқылы емес.

6.10. Хабарламаны қарау қорытындылары бойынша Комиссия келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

- а) қызметкердің лауазымдық міндеттерін атқаруы кезінде мұдделер қақтығысы орын алмады деп тану;
- б) қызметкердің лауазымдық міндеттерін атқаруы кезінде жеке мұдделілігі мұдделер қақтығысына әкелетіні немесе әкелуі мүмкін деп тану. Бұл жағдайда Комиссия аталған адамға мұдделер қақтығысын реттеу немесе оның туындауына жол бермеу шараларын қабылдауды ұсынады;
- в) қызметкер мұдделер қақтығысын реттеу туралы талаптарды сақтамаған деп тану. Бұл жағдайда Комиссия диспансер директорына көрсетілген адамды нақты жауапкершілікке тартуды ұсынады.

6.11. Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді.

6.12. Комиссияның шешімімен келіспеген оның мүшесі өзінің пікірін жазбаша нысанда баяндауга құқылы, оның пікірі Комиссия отырысының хаттамасына міндettі түрде қоса тіркеледі және жұмыскерге таныстырылады.

6.13. Туындаған (орын алған) мұдделер қақтығысын шешу тәсілі туралы түпкілікті шешімді диспансер директоры Комиссия отырысының хаттамасын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылдайды.

**7. Еңбек шартты негізінде жекелеген лауазымдарды алмастыратын қызметкерлердің лауазымдық міндеттерді атқаруы кезінде мұдделер қақтығысына әкелетін немесе әкелуі мүмкін жеке мұдделіліктің туындау жағдайы туралы жұмыс берушіні хабардар ету тәртібі.**

7.1. Мұдделер қақтығысының кез-келген түндау мүмкіндігіне жол бермеу және түндаған мұдделер қақтығысын реттеу шараларын қабылдау қызметкердің міндеті болып табылады.

Қызметкердің лауазымдық міндеттерін орындаудың кезінде мұдделер қақтығысына әкелетін немесе әкелуі мүмкін жеке мұдделілігі түндаған жағдайда, ол бұл туралы өзіне белгілі болған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей, ал қызметкер қандай да бір себеппен жұмыс орнында болмаған жағдайда-бірінші мүмкіндік кезінде бұл туралы жұмыс берушіні хабардар етуге міндетті.

7.3. Мұдделер қақтығысына әкелетін немесе әкелуі мүмкін лауазымдық міндеттерді орындаудың кезінде жеке мұдделіліктің түндауды туралы хабарлама (бұдан әрі – хабарлама) еркін нысанда жазбаша түрде немесе осы Ережеге З-қосымшаға сәйкес Диспансер директорының атына ұсынылатын үлгі бойынша жасалады және Колледждің комплаенс офицеріне беріледі. Хабарламаға лауазымдық міндеттерін аткаруы кезінде мұдделер қақтығысына әкелетін немесе әкелуі мүмкін жеке мұдделіліктің түндауды фактісін растайтын қосымша материалдар, сондай-ақ мұдделер қақтығысына жол бермеу немесе реттеу жөнінде қабылданған шараларды растайтын материалдар қоса берілуі мүмкін.

7.4. Егер хабарламаны қызметкер жеке өзі ұсына алмайтын болса, ол факсимиль байланыс арналары арқылы немесе табыс етілгені туралы хабарламамен бірге пошта арқылы жіберіледі.

7.5. Хабарламалар келіп түскен күні осы Ереженің З-қосымшасына сәйкес ұсынылған үлгі бойынша құрылған мұдделер қақтығысына әкелетін немесе әкелуі мүмкін лауазымдық міндеттерді орындаудың кезінде жеке мұдделіліктің түндауды туралы хабарламаларды тіркеу журналында (бұдан әрі -журнал) міндетті түрде тіркелуі тиіс. Журналдың параптартары тігілген, нөмірленген, Диспансер мөрімен куәландырылған болуы тиіс.

7.6. Тіркелгені туралы белгісі бар хабарламаның көшірмесі журналға қол қою арқылы жұмыскердің қолына беріледі немесе табыс етілгені туралы хабарламамен бірге пошта арқылы жіберіледі.

7.7. Хабарлама тіркелгеннен соң үш жұмыс күнінен кешіктірмей Диспансердің комплаенс офицері оның Комиссияға жіберілуін қамтамасыз етеді.

## **8. Жұмыскерлердің мұдделер қақтығысы туралы ережені сақтамағаны үшін жауаптылығы.**

8.1. Осы Ережені сақтамағаны үшін жұмыскер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасында көзделген тәртіппен тәртіптік жауапкершілікке, сондай-ақ жауапкершіліктің өзге де түрлеріне тартылуы мүмкін.

8.2. Мұдделер қақтығысының бір тарабы ретінде оған жол бермеу немесе оны реттеу шараларын қабылдамағаны үшін жұмыскермен арадағы енбек шарты Қазақстан Республикасы Енбек кодексінің 52 және 143-1-баптарына, сондай-ақ Диспансер Комплаенс саясатының 11-тармағының 13) тармақшасына сәйкес бұзылуы мүмкін.

## **9. Корытынды ережелер.**

9.1 Ереже оны директор бекіткен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

9.2 Ережеге енгізілетін өзгерістер/ толықтырулар директор бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

Диспансер қызметкері өзінің енбек міндеттерін орындау барысында туыстары немесе өзімен жеке мұдделікпен байланысқан өзге де адамдарға материалдық немесе материалдық емес пайда әкелуі мүмкін шешімдердің қабылдануына қатысады. Реттеудің ықтимал жолдары: жұмыскерді мұдделер қактығысының нысанасы болып табылатын шешімді қабылдаудан шеттету.

Диспансер қызметкері туыстарына немесе өзімен жеке мұдделікпен байланысқан өзге де адамдарға қатысты кадрлық шешімдердің қабылдануына қатысады. Реттеудің ықтимал жолдары: қызметкерді мұдделер қактығысының нысанасы болып табылатын шешімді қабылдаудан шеттету; қызметкердің (оның қарауындағы адамды) басқа лауазымға ауыстыру немесе оның лауазымдық міндеттерін өзгерту.

Диспансер қызметкері немесе қызметкермен жеке мұдделілік байланысы бар өзге адам Диспансермен іскерлік байланыстағы немесе осындай байланыс орнатқысы келетін немесе оның бәсекелесі болып табылатын басқа ұйымда ақы төленетін жұмысты орындауды немесе орындауға ниет білдіреді.

Реттеудің ықтимал жолдары: жұмыскерді мұдделер қактығысының нысанасы болып табылатын шешімді қабылдаудан шеттету; қызметкерге өзге ақы төленетін жұмысты орындаудан бас тартуға ұсыныс жасау.

Диспансер қызметкері Диспансер үшін өзінде немесе өзімен жеке мұдделілік байланысы бар өзге тұлғада айрықша құқықтары бар зияткерлік қызметтің нәтижелері болып табылатын тауарларды сатып алуды туралы шешім қабылдайды.

Реттеудің ықтимал жолдары: қызметкерді мұдделер қактығысының нысанасы болып табылатын шешімді қабылдаудан шеттету.

Диспансер қызметкері немесе қызметкермен жеке мұдделілік байланысы бар өзге адам Диспансер іскерлік байланыстағы немесе осындай байланыс орнатқысы келетін немесе оның бәсекелесі болып табылатын басқа ұйымнан материалдық игіліктер немесе қызметтер алды.

Реттеудің ықтимал жолдары:

жұмыскерге оған ұсынылатын игіліктерден немесе қызметтерден бас тартуға ұсыныс жасау; жұмыскерді мұдделер қактығысының нысанасы болып табылатын шешімді қабылдаудан шеттету; жұмыскердің енбек міндеттерін өзгерту.

Диспансер қызметкерлері немесе қызметкермен жеке мұдделілік байланысы бар өзге адам өзінің қарауындағы қызметкерден немесе өзінің бақылауындағы Диспансер басқа жұмыскерінен қымбат сыйлықтар алды.

Реттеудің ықтимал тәсілдері:

- қызметкерге қымбат сыйлықты сыйға тартушыға қайтарып беруге ұсыныс жасау; қымбат тұратын сыйлықтарды сыйға тартудан/қабылдаудан бас тартуды ұсынатын корпоративтік мінез-құлық ережелерін белгілеу;
- қызметкермен (оның қарамағындағы адаммен) енбек қатынастарын бұзу және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға сәйкес шаралар қабылдау.

Диспансер қызметкері енбек міндеттерін орындау кезінде өзіне белгілі болған ақпаратты

Коммерциялық мәмілелер жасау кезінде өзі үшін немесе өзімен жеке мұddeлілік байланысы бар басқа адам үшін пайда немесе бәсекелестік артықшылықтар алу үшін пайдаланады.

Реттеудің ықтимал тәсілдері:

- қызметкерлерге еңбек міндеттерін орындауға байланысты белгілі болған ақпаратты жария етуге немесе жеке мақсаттарда пайдалануға тыйым салатын корпоративтік мінез-құлық қағидаларын белгілеу;
- қызметкермен арадағы еңбек қатынастарын бұзу.

венерологиялық диспансері "ШЖҚ МҚК  
мұдделер қақтығысын реттеу жөніндегі  
ережесінің 2-қосымшасы

## Қызметкерлердің мұдделер қақтығысы бойынша

### МИНДЕТТЕМЕСІ

Мен,

*Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты*

Маңғыстау облыстық тери венерологиялық диспансері "ШЖҚ МҚК (бұдан әрі - диспансер) сыйбайлас жемқорлыққа және коммерциялық парага сатып алуға қарсы іс-қимыл жөніндегі Комплаенс саясатымен келісетінімді, рәсімдік құжаттарда және Комплаенс саясатында белгіленген барлық талаптарды ұстанатынымды мәлімдеймін.

Сыйбайлас жемқорлыққа және коммерциялық парага сатып алуға қарсы іс-қимыл жүйесінде белгіленген Комплаенс саясаты мен рәсімдерін ұстануға, әдістерді қолдануға, қағидаттарды, өлшемшарттарды ұстануға және ережелерді сактауға міндеттенемін. Мен:

1) Осы міндеттемені мұлтіксіз ұстануға, маган тапсырылатын жұмысты жауаптылықпен, қалтқысыз және сапалы орындауга.

Емхана мұдделерін жеке мұдделерімді, туыстарым мен достарымның мұдделерін ескермestен, басшылыққа алуға.

3) Мұдделер қақтығысына әкелуі мүмкін жағдайлар мен мән-жағдайлардан аулак болуға;

4) Лауазымдық міндеттерімді атқару кезінде мұдделер қақтығысына әкелетін немесе әкелуі мүмкін жеке мұдделіліктің туындағаны туралы жұмыс берушіге дереу, жазбаша түрде хабарлауға.

5) Туындаған мұдделер қақтығысын реттеуге жәрдемдесуге.

6) Өз міндеттемелерімді орындау кезінде әділ, объективті және тәуелсіз болуға.

7) Өзімнің лауазымдық міндеттерімді орындауға байланысты контрагенттерден және әріптестерден немесе олардың өкілдерінен сыйлықтар (оның ішінде ақша) немесе қызметтер алмауға.

8) Менің тарапынан және басқа жұмыскерлер тарапынан осы міндеттемені бұзы фактілеріне жол бермеу және жолын кесу.

9) Контрагенттер мен серіктестердің қызметіне араласуға және олардың мұдделерін көтермелеге жол бермеуге МІНДЕТТЕНЕМІН.

20 \_\_ жыл

*қолы тегі, аты-жөні*

*Маңғыстау облыстық тери*

генерологиялық диспансері "  
ШЖҚ МҚҚ мұдделер қақтығысын реттеу жөніндегі  
ережесінің 3-қосымшасы

Маңғыстау облыстық тери  
генерологиялық диспансері "

ШЖҚ МҚҚ директоры С.Аскarovқа  
кімнен \_\_\_\_\_ (лауазымы)  
\_\_\_\_\_  
(T.A.Ә)

### Хабарлама

Лауазымдық міндеттерімді орындау кезінде мұдделер қақтығысына әкелетін немесе  
әкелуі мүмкін жеке мұдделілігінің пайда болғаны туралы хабарлаймын (керегінің  
астын сыйзу).

Жеке мұдделіліктің туындауына негіз болып табылатын  
мәнжайлар: \_\_\_\_\_

Орындалуы жеке  
мұдделілікке әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін лауазымдық міндеттер  
\_\_\_\_\_

Мұдделер қақтығысын бодырмау немесе реттеу бойынша ұсынылатын (қабылданған)  
шаралар: \_\_\_\_\_

Косымша мәліметтер (болған жағдайда): \_\_\_\_\_

Комиссия отырысына тікелей қатысуы: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (ТАӘ, қолы) \_\_\_\_\_

*Маңғыстау облыстық тери  
венерологиялық диспансері "ШЖҚ МҚК  
мұдделер қақтығысын реттейу жөніндегі  
ережесінің 4-қосымшасы*

**Мұдделер қақтығысының туындағаны  
немесе туындау ықтималдығы туралы  
хабарламаларды тіркеу  
журналы**

*Үйымның атауы)*

Басталған күні: «      »                  20    ж.

Аяқталған күні: «      »                  20    ж.

Журнал беті хабарлама № және тіркелген күні -----

Хабарлама берген жұмыскер туралы мәліметтер (ТАӘ, лауазымы, телефон нөмірі)-----

Колы -----

Ескертпе -----